

**Баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен дезинфекциялық препараттарын  
сатып алуын өткізу туралы  
№ 7 хабарлама**

2017 ж. «12» маусым

**Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық қан орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны** 2017 жылға арналған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде баға ұсынысына сұрау салу тәсілімен мынадай дезинфекциялық препараттарын сатып алу өткізетіндігі жөнінде хабарлайды:

лот №	Атауы және сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Саны	Бағасы	Сомма	Жеткізу мерзімі
1.	Ерекше иісі бар түссіз тұнық сұйықтық түрдегі қолдануға дайын тері антисептигі. Құрамында: изопропилді спирт 50%, пропилді спирт 20%, алкилдиметилбензиламмоний хлорид 0,10%, сонымен қоса функционалдық қоспалар және су. Донорлардың шынтақ буын үстін сүртіп зарарсыздандыру үшін қолданылады. Полимерлік флакондарда шығарылады сыйымдылығы 1000 мл. Ашылмаған қаптама бойынша жарамдылық мерзімі – 3 жыл.	флакон	30	3800	114 000	30-2017 жылғы маусым-шілде
2.	Спирт иісі бар түссіз тұнық сұйықтық. Құрал құрамына этанол (25%) және 1-пропанол (35%) кіреді. Ашылмаған қаптама бойынша жарамдылық мерзімі – 5 жыл. Қол жетімділігі қиын және шағын көлемді беткі қабаттарды, қойылым заттарды, құрылғыларды зарарсыздандыру үшін арналған.	флакон	30	3800	114 000	30-2017 жылғы маусым-шілде

Тауар жеткізілуі қажет: Қостанай қ., Быковский к-сі, 4А.

Талап етілетін жеткізу мерзімі: жеткізу кестесіне сәйкес.

Әр потенциалды жеткізуші баға ұсыныстарын берудің мерзімі аяқталғанға дейін

тек қана конвертте желімденген түрде бір ғана баға ұсынысын ұсына алады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30.11. № 1729 қаулысымен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік көлемін көрсету шеңберінде дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық мақсаттағы техника, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу Ережесінің 4 Тарауында белгіленген талаптарына сәйкестігін растайтын, сонымен қоса құжаттар тапсырыс берушімен белгіленген мерзімде лицензиялау және рұқсат ету процедуралары арқылы рұқсат ету органдарымен жүзеге асырылатын әрекеттерді жүзеге асырушы немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асырушы жеке немесе заңды тұлғалар құқығын растайтын рұқсаты бар денсаулық сақтау саласының уәкілетті органы бекіткен нысан бойынша конверт мазмұнында баға ұсынысы болуы қажет.

Баға ұсыныстары бар конверттер мынадай мекенжайға ұсынылады: Қостанай қ. Быковский к-сі, 4А, Б корпусы, № 214 кабинет.

Баға ұсыныстарын берудің соңғы аяқталу мерзімі **2017 жылғы. «20» маусым күні сағат 10:00 дейін**. Баға ұсыныстары бар конверттер **2017 жылғы. «20» маусым күні сағат 10:15-де** мынадай мекенжай бойынша ашылады: Қостанай қ. Быковский к-сі, 4А, Б корпусы, № 214 кабинеті.

Жеңімпаз ретінде ең төменгі баға ұсынысын ұсынған потенциалды жеткізуші танылады, ол жөнінде donor-kostanay.kz интернет-ресурсына жариялау арқылы хабарлайды.

Қорытындылар туралы Хаттама.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы мынадай телефон бойынша алуға болады: 8-7142-26-63-32.

Директор



Иосипенко Е.С.